Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

3 желтоқсан сенбі
№96 (1900)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

БҰЛ ЖОЛДАУДА АЙТЫЛҒАН

ХАЛІҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ?

Ұлт саулығы – еліміздің тұрақты дамуының кепілі. Сондықтан да медицинаға қатысты мәселелер назардан тыс қалған емес. Қазіргі таңда медицина саласы көз ілеспес жылдамдықпен дамып, күн сайын медициналық ұйымдар ашылып жатыр. Дегенмен ауылдағы медицинаның ахуалы көңіл көншітпейді. Бас ауырып, балтыр сыздаса тез арада ем қабылдай алатын мүмкіндік те жоқтың қасы. Себебі ауыл халқының денсаулығы назардан тыс қалғандай.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы қыркүйек айындағы Жолдауында медицина саласына қатысты бірқатар тапсырма бергені белгілі. Соның ішінде ең маңыздысы ауыл медицинасының ахуалын жақсарту еді. Мәселен, президент ауыл тұрғындары үшін алғашқы дәрігерлік көмекті ұйымдастыру тәсілдерін мейлінше тиімді ету қажеттігін атап айтты. «Шалғайдағы өңірлерге көлік арқылы дәрігерлік қызмет көрсету ісін қайта қалпына келтіру шараларын жүзеге асырған жөн. Денсаулық сақтау ісінің тиімді моделін құру арқылы үш жыл ішінде барлық елді мекенді фельдшерлік-акушерлік пункттермен және дәрігерлік амбулаториямен қамтамасыз етуді тапсырамын», – деді президент.

3 БЕТТЕ

ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ

ХАЛЫҚПЕН АҚЫЛДАСЫП ОТЫРУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізсін, олардың барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аудара отырып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы хабардар етсін және проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндірсін» – деген еді.

Қала әкімі Асылбек Шәменовтің халықпен кездесуі А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде өтті. Жиында ұзын сонар баяндама оқып, жұртты мезі еткен жоқ. Тек қаланың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне арнайы жасалған слайд арқылы шолу жасалды. Ондағы ақпаратқа сүйенсек, қаладағы барлық салада ілгерілеу бар. Әлеуметтің әлеуеті де артып, тұрғындардың тіршілігі түзеле бастаған.

– Биыл қалада жол құрылысы қарқын алды. Яғни, 3,1 млрд теңгеге 51 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізіліп, асфальт төселді. Жаяу жүргіншілер жолдары мен жарықтандыру қатар жүріп, тұрғындардың талап-тілектері орындалды.

Облыс әкімінің тікелей қолдауымен үлкен сыйымдылықтағы жаңа 150 дана автобустың қазір 82-сі келіп, қалаішілік бағыттарға қосылды. Осылайша қоғамдық көлік қатынасы жақсаруда. Жоспар бойынша қалған автобустар жыл соңына дейін облыс орталығына жеткізіледі. «Балалар жылы» аясында аймақ басшысының бастамасымен, кәсіпкерлердің өз қаражаты есебінен қала көлемінде 50 ойын және спорттық алаңы салынды. Бұл бағыттағы жұмыстар келер жылы да жалғасын таппақ. Биыл облыстық бюджеттен бөлінген 1 млрд 285 млн теңгеге 90 пәтерлі 2 көпқабатты тұрғын үй көпбалалы отбасыларға табысталды, – деді қала әкімі.

2 БЕТТЕ

Баспасөз-2023

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге,
мекемелер үшін – 3500 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса,
мына нөмірлерге хабарласыңыздар:40-05-81, 70-14-08.

БАСПАСӨЗ – 2023

Бұл жаңалық көңілге қуаныш сыйлағанын жасырмаймыз. Шынында, әлем алақандай смартфонда деп, газет оқымаймыз деген пікірлерден көңіл жабырқап жүргенде зиялы қауым өкілдерінің Қазпоштаға арнайы барып, мерзімді басылымдарға жазылғаны жақсы жаңалық болды.

Министрлер газетке жазылды

Анығын айтқанда, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі мен Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов елордадағы Қазпоштаның орталық бөлімшесіне барып, мерзімді басылымдарға жазылды.

«Баспасөзге жазылу науқанына қолдау білдіру мақсатында келдік. Бізге қолдау көрсеткен Оқу-ағарту министрі Асхат Қанатұлына ризашылық білдіреміз. Биыл Мемлекет басшысы «Балалар жылын» жариялағаны белгілі. Сондықтан біз бірінші кезекте балалар контентіне қолдау көрсетуіміз керек. «Балалар жылында» балаларға арналған газет-журналдардардың оқырмандарының көп болуы, меніңше, бүлдіршіндерге жасалған ең үлкен сыйлық. Екіншіден, «Қазпоштамен» ортақ меморандумға қол қойдық. Бұл меморандум шеңберінде басылымдарды оқырман қолына жедел жеткізу мәселесі қамтылған. Post.kz сайтының көмегімен онлайн жазылуға болады. Сонымен қатар «Каспий» арқылы жазылу мәселесін де пысықтап жатырмыз. Солай жазылу біршама оңтайлы болады. Президент ұлықтау рәсімінде ауылға ерекше мән берді. Президенттікке сайланғаннан кейінгі бірінші Жарлығы ауылға қатысты болды. Сондықтан ауылдағы тұрғындарға баспасөз құралдарының, газет пен журналдарымыздың жедел жетуі біздің назарымызда болады», – деді Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі.

Сондай-ақ министрдің сөзінше, желден де жылдам ақпараттар тасқыны уақытында нақты ақпарат тарататын газет-журналды оқырманға жеткізу – өзекті мәселе. Сонымен қатар оқырман үшін газет мазмұны сапалы болу керегін де атап айтты.

Қазпошта дерегі бойынша бүгінде мерзімді басылымға жазылғандардың 70 пайызы ауылдық жердегі оқырман екен.

Сенат сайлауы өтеді

Сенат сайлауы 2023 жылдың 14 қаңтарында өтетін болды. Бүгінде сайлау науқаны басталып та кетті десек артық айтқандық емес. Яғни 29 қараша күні Сенат депутаттығына үміткерлерді ұсыну басталып кетті. Айта кетерлік жайт – Сенат депутаттарын сайлау екі әдіс бойынша өтеді. Біріншісі – саяси партиялар және өзге де қоғамдық бірлестіктер Сенат депутаттығына кандидатураларды ұсынады. Екіншісі – үміткерлер өзін-өзі ұсыну арқылы сайлауға қатыса алады. Үміткер кемінде сайлаушылардың 10 пайызын жинау керек.

Орталық сайлау комиссиясының мәліметіне сүйенсек, сайлауалды үгіт-насихат науқаны 19 күнге созылады. Ол кандидаттарды тіркеу аяқталған күннен бастап сайлауға бір күн қалғанда жергілікті уақыт бойынша сағат 24:00-де аяқталады. Яғни үгіт-насихат жұмыстары 24 желтоқсан күні сағат 18:00-ден 2023 жылдың 13 қаңтар күні сағат 24:00-ге дейін өтеді.

Сенат депутаттығына үміткерге қандай талап қойылады дегенге келсек, ҚР азаматы және елде соңғы 10 жылда тұрақты тұрған болуы тиіс. Жасы 30-дан асқан, жоғары білімді, еңбек өтілі 5 жылдан кем емес, тиісті өңірде кемі 3 жыл тұрақты тұрған болуы керек.

«Ақмешіт-ақпарат»

ӘБІГЕР ӘЛЕМ

CNN

АИТВ-ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНА ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖЕТІСТІК БОЛА АЛА МА?

АИТВ мен ЖИТС – бүгінде емін табу қиынға соғатын вирусты аурулардың бірі. Бұл вирусты жеңу үшін ғалымдар көптеген жыл бойы үздіксіз зерттеу жүргізіп келеді. Сол зерттеудің бірі бүгінде «жемісін» беріп жатқандай. Ол – «eOD-GT8 60mer» вакцинасы.

2018 жылы АИТВ-ға қарсы ұйымдар «eOD-GT8 60mer» вакцинасының иммундық әсерін анықтау үшін бірінші клиникалық сынақтан өткізуді бастайтынын хабарлаған еді. Жақында осы сынақ аяқталып, оң көрсеткішке қол жеткізді. Бұл жаңалық көпшіліктің назарын аударғаны анық. Осы жаңалыққа байланысты CNN арнасында «Маңызды қадам: АИТВ-ға қарсы вакцинаға «үміткер» ерте клиникалық сынақта иммундық реакцияны тудыратыны анықталды» тақырыбымен Жаклин Ховардтің мақаласы жарық көрді.

Эксперименттік АИТВ вакцинасы бірінші фазалық зерттеуде еріктілердің шағын тобына салынып, сынақ екпенің бейтараптандыратын антиденелерді индукциялайтынын анықтады. Зерттеу нәтижесінде анықталған жайт − сегіз апталық интервалмен салынған вакцинаның екі дозасы иммун тапшылығын тудыратын вирусқа иммундық жауап қайтара алады.

«Scripps Research», «Фред Хатчинсон» онкологиялық орталығының, Ұлттық денсаулық институтының мамандары, АҚШ пен Швецияның басқа да денсаулық мекемелері өз зерттеулерінде «eOD-GT8 60mer» деп аталатын вакцинаны зерттеуге қатысқандардың 97 пайызында «қолайлы қауіпсіздік» деңгейіне ие болғанын жазды. 36 реципиенттің тек біреуінде ғана бұл көрсеткіш оң нәтиже көрсете алмаған.

Ақуыздар − инфекциялармен күресу үшін иммундық жүйе өндіретін және бейтараптандыратын антиденелер. Алайда АИТВ-ның көптеген генетикалық нұсқаларын бейтараптайтын, яғни жоятын бұл ақуыздарды вакцинация арқылы ағзаға енгізу өте қиын. Бұл туралы зерттеуші ғалымдар: «АИТВ, тұмау, С гепатиті немесе бетакоронавирустар тұқымдасы секілді патогендерге қарсы бейтараптандыратын антиденелерді индукциялауды үйренуде вакцинаның ұтымды жобасы үлкен қиындық тудырады», − деді.

Дегенмен «eOD-GT8 60mer» вакцинасы тұжырымды өзгертуі мүмкін деген болжам бар. Бұл екпені зерттеуге 18 және 50 жас аралығындағы дені сау 48 адам қатысқан. Олар Вашингтондағы Джордж Вашингтон университетінде және Сиэтлдегі Фред Хатчинсон онкологиялық орталығында тіркелген.

Қатысушылар арасында 18-і вакцинаның 20 микрограмм дозасын, кейін сегіз аптадан соң адъювантты вакцинаның тағы 20 микрограмм дозасын алды. Келесі 18 адам вакцинаның 100 микрограмм дозасын және сегіз аптадан кейін адъювантты вакцинаның тағы 100 микрограмм дозасын алды. Одан бөлек 12-і сегіз апта аралықпен физиологиялық плацебоның екі дозасын қабылдады. Адъювант «GSK» фармацевтикалық компаниясы әзірлеген «AS01B» атауымен белгілі. Вакциналар мен плацебо қол бұлшықетіне салынды.

Вакцина жасаушылар зерттеу барысында қатысушылардың қаны мен лимфа түйіндерінен иммундық жасушаларды жинап, талдау жасады. Олар иммундық жүйеде антиденелерді жасайтын лейкоциттер түрі «B» жасушаларының вакцинаға қалай жауап бергенін арнайы анықтады.

Ғалымдар зерттеуге қатысушылар арасында ешқандай жанама әсерлерді анықтамады және зерттеу барысында қатысушылардың ешқайсысы АИТВ инфекциясын жұқтырған жоқ. Зерттеуге қатысушылардың шамамен 97 пайызы жергілікті немесе жүйелі жағымсыз әсерлері туралы хабарлаған. Бірақ олар әдеттегідей инъекция орнындағы ауырсыну, мазасыздық және бас ауруы сияқты жеңіл және орташа жағымсыздықты сезінген. Тағы айта кетерлігі, бұл жағымсыз әсер 1-2 күнге ғана созылған, яғни көпшілік вакциналарда кездесетін белгіні көрсетті.

Бірінші иммундаудан кейін барлық вакцина алушыларда «eOD-GT8 60mer» вакцинасынан туындаған антиденелер бар екені анықталған. Вакцинадан туындаған реакциялар екінші вакциналаудан соң тағы да өсті. Бұл туралы ғалымдар өз зерттеулерінде жазды.

«АИТВ-ға қарсы вакцинаға үміткер туралы «ерекше» және «жаңа» дүние − ол кең бейтараптандыратын антиденелердің өндірісіне тікелей әсер ету үшін жасалған», – деді зерттеуге қатыспаған Миннесота университетіндегі медицина мектебінің докторы Тимоти Шакер. Шакер сондай-ақ бейтараптандыратын антиденелерді индукциялауға болатын вакциналау арқылы АИТВ-дан басқа да ауруларға қарсы иммунизациялау мүмкін екенін айтты. «Егер ғалымдар адамдарда осы секілді вирусқа қарсы «қорғаныс» иммунитетін жасай алса, бұған дейін вакцина жасап шығару өте қиын болған кейбір вирустардан қорғану мүмкін болады деген үміт бар», − деді ол.

АИТВ-ға қарсы вакцина жасаудағы ең маңызды мәселе − вирусқа қарсы антиденелердің қанша уақыт сақталатыны. Одан бөлек негізгі екпеден біраз айырмашылығы бар бустерлік вакцинаны бастапқы антиденелер «танымай» қалып, әрі қарай дамымауы мүмкін деген де жағымсыз болжам бар. Бұл туралы Витватерсранд университетінің және Оңтүстік Африкадағы Ұлттық жұқпалы аурулар институтының қызметкері Пенни Мур жазды.

Жалпы өткен жылы әлемде 38 миллионнан астам адам АИТВ немесе ЖИТС жұқтырған. Халықаралық «ЖИТС-ке қарсы вакцина» атты ғалымдар тобының мәліметінше, қазіргі уақытта әлемде АИТВ вакцинасының 20-дан астам түріне клиникалық сынақ жүргізілуде. Ал АҚШ-та көптеген адам жұқтыру қаупін азайту үшін күнделікті АИТВ-ның алдын алу дәрілеріне немесе «PrEP» деп аталатын екпеге жүгінеді екен.

«Бұл күнделікті дәрі, ал «PrEP» ауыр екпе. Жылына бірнеше рет салуға тура келетін вакцина», − деді Миннесота университетінен Шакер. Бірақ ол өз сөзінде АИТВ-ға қарсы вакцинаны ойлап табу − вирустан қорғануды қолжетімді ететінін айтты. «Егер ғалымдар расымен вакцинаны жасап шығарса, олардың екпесі көпшіліктің сұранысына ие болады. Ал «тиімді» вакцина ойлап тапса АИТВ жұқтырған жағдайда вирустың таралу мүмкіндігін азайтуға үлес қосады», − деді ол.

2 БЕТТЕ

ХАЛЫҚПЕН АҚЫЛДАСЫП ОТЫРУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Алдағы жылы да ауқымды жобалар жүзеге аспақ. Мәселен, «Анаға тағзым» орталығы, жаңа әуежай, «Өнер орталығы», «Неке сарайы» секілді әлеуметтік нысандар бой көтереді.

Сондай-ақ келер жылы сол жағалаудан 84 пәтерлі 7 қабатты 6 тұрғын үйдің салынуы жоспарланып отыр. Жобаның құны – 10 млрд теңге. Оған қоса, қазан айынан бастау алған 8 млрд 510 млн теңгеге 470 пәтерлі 10 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Бұл үйлер де келер жылы халық игілігіне беріледі.

«Жайлы мектеп» жобасы аясында 2023-2025 жылдар аралығында қаладан 8 мектептің құрылысын жүргізу жоспарда бар. Қазіргі таңда мектептің орындары белгіленіп, тиісті құжаттары рәсімделуде.

Ауыл тұрғындары қаладағыдай күй кешетін күн де алыс емес. Атап айтсақ, Ақсуат ауылдық округіне жыл соңына дейін «көгілдір отын» беріледі. Ал келер жылы Қосшыңырау елді мекенінде де газдандыру жобасы басталады. Оған республикалық бюджеттен қомақты қаржы қаралып отыр.

Кездесуде қала тұрғыны Ерәлі Әбдікәрімов М.Шоқай көшесі жарықтандырылса, «Жаңа базар» маңында жаяу жүргіншілер жолы салынса деген өтінішін жеткізді. Ал «Мерей» шағын ауданының тұрғыны, көп балалы ана «Мерей 18 А» үйін жаңғырту мәселесін айтты.

Сондай-ақ Ерназаров, Б.Майлин, Макаренко көшелерінің атынан тұрғын Айгерім Достаурова ұсынысын айтты.

– Ерназаров пен Нұрайбаев көшесінің қиылысында үнемі жол апаты орын алады. Бір күнде кемінде 2 рет апат болғанына куә болдық. Сол қиылысты полицей қадағаласа деген тұрғындардың өтініші бар. Себебі №267, №212 мектептің оқушылары осы көшемен жүреді. Сонымен қатар қалалық жедел жәрдем бөлімі, емханаға баратын адамдар зардап шегуде. Осы уақытқа дейін ұсыныс берген едік. Алайда әлі де нәтиже жоқ, – дейді ол.

Басы 1-бетте

– Жол қауіпсіздігі, адам өмірі бәрінен қымбат. Сондықтан осындай қауіпті қиылыстарды зерттеп, нәтиже шығарамыз. Қазір қала да машина да көбейген. Қатты жылдамдықпен жүретіндер көбейген. Сондықтан қатаң қадағалау қажет. Бұл мәселені шешу қажет, – деп тапсырма берді қала әкімі.

Сол жағалау тұрғындары атынан Гүлфайруз Қыдырбаева да қала әкіміне сол жердің мәселесін жеткізді. Оның айтуынша, сол жағалауға жаяу жүргіншілер жолы қажет. Биыл осы ауданнан әлеуметтік осал топтар қатарына жататын кісілерге тұрғын үй берілген. Алайда осы уақыта дейін олардың үйінің құжаттары дайын емес. Соның кері әсері тиіп, бұл кісілер мемлекеттен көмегін, жеңілдігін ала алмай жүр. Сондықтан да тұрғын үй құжаттарын тездетіп заңдастарып беруін сұрады. Бұл ауданға «Әлеуметтік дүкен» қажеттігін де айтып өтті.

Қала әкімі ұсыныстарға сәйкес, сала басшыларына бұл мәселелердің тез арада орындалуын тапсырды.

Бүгінгі кездесуден байқағанымыз, бітпеген шаруалар болғанымен, қала тіршілігінде ілгерілеу бар. Бұл жайында қала тұрғындары өзара әңгімесінде айтып бара жатты. Көпшіліктің «Қалада қарқынды тірлік бар, жасалған істі айту қажет. Ал тұрғындардың мәселесі кезеңкезеңімен шешілетінін айтты. Соған сенейік» деп айтып бара жатқандары көңілге қуаныш ұялатты.

Яғни, әкімдердің дәстүрге айналған тұрғындармен есептік кездесулерінің халыққа берері аз емес. Себебі жергілікті басшылар жұртпен көзбе-көз жүздесіп, олардың сауалына жауап береді. Тұрғындардың мұқтаждықтарынан хабардар болып отырады. Жасалған жұмыстың жетістіктерімен қоса, кемшіліктер де көзден таса қалмайды. Бүгінде әкімдер халыққа жақындады. Соның нәтижесінде әр кездесуде айтылған мәселелер рет-ретімен орындалып, оң өзгеріс көрсетуде. Қала әкімі де кездесу барысында ең алдымен халықпен ақылдасып, солардың мұқтаждықтарын орындайтынын жеткізді. Бастысы Президент тапсырмасына сәйкес, әкімдер халық арасында жүр. Олардың үні билікке жетуде.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменов «AMANAT» партиясы қалалық филиалының ғимаратында қала тұрғындарын қабылдады. Қабылдауға қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев, қала прокуроры және қалалық полиция басқармасының бастығы да қатысып, өз салаларына қатысты тұрғындар сауалына жауап берді.

ҚАЛА ӘКІМІ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІН ТЫҢДАДЫ

Қабылдауға келген қала тұрғындарының көпшілігі баспана, жәрдемақы және түрлі мәселелер бойынша толғандырған сұрақтарын қойды. Тұрғындардың сауалдарына сала басшыларының талқылауымен заң аясында жауап беріліп, хаттамаға енгізілген мәселелердің бірқатары жедел шешімін тапты. Уақыт пен зерттеуді қажет ететін мәселелер алдағы уақыт еншісіне қалдырып, әкімнің тікелей бақылауында болатыны ескертілді.

Айта кетерлік жайт, осы уақытқа дейін қала әкімі Асылбек Өмірбекұлы 7 рет жеке қабылдау өткізіп, 350-ге жуық қала тұрғынының мәселелерін тыңдап, оларды шешуге ықпал етті. Одан бөлек, қала әкімі бұған дейін Қызылорда қаласына қарасты ауылдық округтер мен шаһарда бірнеше кездесу өткізіп, тұрғындардың сауалын тыңдаған болатын. Ол кездесулерде тұрғындар ауылдық округке және шаһардағы шағын аудандарға қатысты мәселелерді көтерді. Қала әкімі бұл мәселелердің ескерусіз қалмайтынын және міндетті түрде шешілетінін айтқан еді.

А.БІРКЕНОВ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС: ҚАҢҒЫҒАН ИТ ҚАЙТСЕ АЗАЯДЫ?

Қызылорда қалалық қоғамдық кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаевтың төрағалығымен қалалық қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Отырысқа қала әкімінің орынбасары Ғ.Еркебай, ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары М.Бибитова, қалалық ветеринариялық станциясы директоры Н.Төлегенов, қалалық дербес бөлім басшылары, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

Қоғамдық кеңес отырысында бірнеше мәселе қаралды. Біріншіден, қалалық ауыл шаруашылығы бөлімі көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша 2022 жылдың үшінші тоқсанында атқарылған жұмыс барысы талқыланды. «Қызылорда қаласы бойынша 2023 жылға мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы», «Қызылорда қаласы бойынша 2023 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы», «Қызылорда қаласында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы» 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 107-16/10 шешіміне өзгерістер енгізу мәселелері қаралды.

Сондай-ақ «2023-2025 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы», «Қызылорда қаласында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы» мәселесі де ортаға салынды.

Күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланып, қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан тиісті ұсыныстар берілді. Сонымен қатар күн тәртібінен тыс бүгінгі күні өзекті болып отырған қаңғыбас иттердің қала көшелерінде қаптап жүргені туралы мәселесі көтерілді.

Қызылорда қаласы бойынша қазіргі таңда ит-мысықтарды аулау жұмыстары заң талаптарына сәйкес ұйымдастырылуда. Қалалық ветеринариялық станция директоры Н.Төлегенов көшеде топтасып жүрген қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді. Бұл жұмыстар күнделікті жауапты мамандар бақылауында. Кеңес тарапынан қалалық ветеринариялық станциясына қоғам тарапынан қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жұмыстары бойынша қоғам наразылығын тудыруына және адам өміріне қауіп төнуіне байланысты пәрменді шаралар қабылдау ұсынылды.

А.БІРКЕНОВ

ЖАҚСЫЛЫҒЫ ЖҰРТ ЖАДЫНДА ЖАҢҒЫРҒАН

Кендебай Сейітов 1948 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. Әйтеке би кентіндегі №421мектепті бітірген. Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың физика-математикалық бөлімін 1975 жылы бітіріп, сол жылы №104 орта мектепте еңбек жолын бастаған. 1977-1978 жылдары облыстық жас туристер станциясында әдіскер, облыстық оқу бөлімінде мектеп инспекторы болып қызмет атқарған. 1979-1985 жылдар арасында Қызылорда теміржол транспортында техникумында оқытушы, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарса, 1985-1989 жылдарда облыстық оқу бөліміне қайта ауысып, мектеп инспекторы, кейін мекеме атауы өзгеруіне байланысты білім департаментінің жалпы орта білім бөлімінің бастығы қызметін атқарды. Кендебайдың замандастары оны «компьютер» деп бағалайтын. Оған өзім куә болған бір дәлел: Жаңа оқу жылы басталар алдында оқу жоспарының өзгеруіне байланысты бір класс ашу керек болды. Ауданға мәлімет бердім, нәтиже жоқ. Сонан Кендекеңе келіп, мән-жайды айтып бастағанымда:

– Сіз сұраған комплекті есепте тұр ғой, тағы не өзгеріс? – деді. «Екі класс бар, ол үшінші класс болу керек» дегенімде, «оны орыс класының есебінен берейін, бірақ қазақ класының комплектісіне қоспаңыз», – деп оқу жылын бастаған едік.

Кендебай қағазға қарамайтын. Міне, замандастары «компьютер» десе дегендей еді.

Сөзге тұрақты, қысқа сөйлеп тауып айтатыны бар, уәдеге берік азамат болатын. 2005-2012 жылдар аралығында қаладағы №179, 189 орта мектептерде директор болды. Кездескенде:

– Кендеке, директорлық қалай екен, – деймін.

– Жақсы, мен екі қызмет атқарып жүрмін, завхоз-директор деген лауазым, екеуін қатар алып жүрмін, – деп күлдіретін.

Мінезге бай Кендекеңнің ашуын көрдім деген азамат кем шығар. Үнемі қысқа сөйлеп тапқырлықпен жауап қайтарып, күлкіге тойдыратын. Көп ізденіп, көп оқу бойындағы қалыптасқан қасиет болатын. Қағаз жазғанда біреудің сөзін, айтқанын, ойшылдардың ойларын қосып жазып отыратын.

«Көргенің мен көкейдегің хатқа түспесе, көң басып кебініңмен бірге кетеді, ал жазылып қалса, жан азығы»,– деген екен Иван Бурик «Арсеньевтар өмірі повесінде. Осы ойды басшылыққа алып, 70-ке келгенде «Осынау өмірімде не бітірдім?» деген оймен қатарлас, замандастарым, қызметтес ағаларын еске алып, «Ақиқат – ар өлшемі» атты шығарма баспадан шыққан. Бұл үлкен еңбек, мемуар жанрына жатады. Автор өз өмірінен басқа қызмет барысында кездескен асыл азаматтар жайлы ой толғайды.

Сондай-ақ ұлы ойшылдардың Конфуцийдың, Ганс Сельеннің ойларының мағынасы мен мазмұнына мән бере отырып, ел мен жер тағдырын назардан тыс қалдырған. Осы еңбегінен ішінде назар аударғаны бұл – білім. Оны нақты дәлелмен, яғни Әзірет Әліні сынау мақсатында 10 адамның қойған сұрағына білім туралы 10 түрлі жауап беруін келтірген. Бұл кез-келген адамға ой салатын жауап деп қабылдау керек. Бұл мысалды келтіргендегі ойымыз – Кендекең көп ізденіп, көп оқып көңілге түйгені мол екендігін дәлелдесе керек. Студенттік достары да білім саласында еңбек атқарған. Олардың қатарында қоғамдық негізде жұмыс атқарып жүрген Асылхан Дүйсенов, Абай Ергенов білім саласының білікті басшылары болды.

Кендекең зейнетке шықса да «Еңбек жұмыс құрудың да қиындығымен күрес» кітабы кейінгі ұрпаққа ой салатын оқығанға қайрат қиындықпен күресе білуге, әрбір азаматты жігерлендіретін бойтұмар болатыны анық.

Білім саласының ардагері, Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі Кендебай Сейітұлының өмірі еңбек жолы кейінгі ұрпаққа үлгі. Кендебай Сейітовтің білім саласына жасаған жақсылығын, өнеге боларлық ісін жұрт ұмытпайды. Оның білім саласында атқарған еңбегі ерен.

Е.МҰХАНОВ,
білім саласының ардагері

АРДАГЕРЛЕРДІҢ АЙТАРЫ БАР

Жуырда Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің ІІ пленумы өтті. Пленумда Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаевтың «ХІІІ қалалық конференциядан бергі уақытта атқарған жұмыстары жайлы» баяндамасы тыңдалды.

Кеңес төрағасы баяндамасында ардагерлердің әлеуметтік, экономикалық, материалдық, рухани жаңғыруларын жақсарту, бастауыш ұйымдардың жұмысын барынша жандандыру, оның беделін, белсенділігін арттыру, ұрпақтар сабақтастығы, жастар тәрбиесі, жанұя беріктігін сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру, тәрбие саласында атқарылған жұмыстарды атап көрсетті.

Пленум барысында қала әкімі Асылбек Шәменов биыл мерейтойларын атап өткен бірқатар ардагерлерге сый-құрмет көрсетті.

Айта кету керек, қазіргі таңда қалалық ардагерлер кеңесінде 223 бастауыш ардагерлер ұйымы, 31365 зейнеткер – ардагерлер есепте тұрады. Оның 860-ы тыл ардагері болса, 200-і Ауған, Семей-Невада, Чернобыль ардагері.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де 8 (7242) 21-71-07 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына Қосымша Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242) 70-10-02 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

ХАЛІҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ?

Жақында Үкімет отырысында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы талқыланды. Онда ауылдық жердегі денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамыту үшін арнайы ұлттық жоба әзірленді. Жоба аясында ауылдарда медициналық қызметтің сапасын жақсарту үшін барлық инфрақұрылымды жаңғырту қажеттігі айтылды. Сонымен қатар «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша медициналық нысандар салу көзделіп отыр. Алдағы уақытта ауыл халқы үшін барлығы 700-ге жуық медициналық нысан ашылады.

– Жергілікті атқарушы органдар жер учаскелерін бөлуді жедел қамтамасыз етіп, инженерлік коммуникацияларды жүргізу мәселесін шешуі қажет. Жоба шеңберінде ауылдағы медициналық ұйымдарды денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне интеграциялау көзделіп отыр. Сондай-ақ жаңа технологиялар жаппай енгізіледі. Бұл халыққа өздері тұратын өңірлерде сапалы медициналық қызметтер алуға мүмкіндік береді. Әрине, ұлттық жобаның аса маңызды аспектілерінің бірі – кадр тапшылығы проблемасын шешу және ауылдық жердегі медицина қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру. Сондықтан өңір әкімдері ауылға келетін медициналық кадрлардың әлеуметтік мәселелерін шешуге назар аударуы тиіс. Жас мамандар ауылға келіп, біліктілігін арттыруға және жұмыс істеп, сонда тұрақтап қалуға мүдделі болуы керек, – деп атап өтті премьер-министр Әлихан Смайылов.

Ел халқының жартысына жуығын ауыл халқы құрайтындықтан, бұл жағдайға баса мән беріп, жолға қою өте маңызды. Бұл жобалар жүзеге асса ауыл тұрғындарының ахуалы жақсаратыны анық.

Бүгінде ауылда шамамен 8 млн адам тұрады, бұл ел халқының 41 пайызын құрайды. Ауыл тұрғындарына 5 мыңнан астам медициналық ұйым қызмет көрсетеді. Жалпы медициналық-демографиялық жағдай елімізде тұрақты. Ресми статистика бойынша халықтың денсаулығы жақсарып, өлім-жітім соңғы 9 айда 28,5 пайызға төмендеген.

Денсаулық сақтау министрі ауыл халқының денсаулығына талдау жасалғанын айтады. Нәтижесінде ауыл тұрғындарының тыныс алу ауруларынан көп зардап шегетіні анықталған, екінші орында ас қорыту, үшінші орында қуық аурулары тұр.

Сонымен ұлттық жоба аясында ауыл медицинасын жақсарту бағытында ілкімді іс-шаралар қолға алынбақ. Бұл жөнінде денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинbackслаш

– Шалғай ауыл тұрғындарына медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында көлік медицинасы дамыған. Медициналық көмек және консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсететін 149 жылжымалы медициналық кешен жұмыс істейді. Биыл еліміздің 10 өңірінде 64 мың тұрғынға медициналық көмек көрсеткен 2 «Жәрдем» және «Саламатты Қазақстан» медициналық пойыздары қайтадан іске қосылды. Сонымен бірге медициналық авиацияны ауыл тұрғындарын тасымалдайтын және шұғыл көмек көрсететін 33 әуе кемесі жүргізеді. Ауылда жедел медициналық көмек көрсету үшін 595 бригада жұмыс істейді және 2 млн шақыртуға қызмет көрсетілген, – деді Ажар Ғиният.

Сонымен қатар облыстағы Арал, Қазалы, Шиелі және Жаңақорған ауданаралық ауруханаларын 2025 жылға дейін «көпбейінді ауданаралық аурухана» деңгейіне жеткізу бойынша шаралар қабылдануда. Шиелі ауданаралық ауруханасына компьютерлік томограф орнату бойынша жеткізуші компаниямен келісімшарт жасалынған. Жыл соңына дейін орнатылады. Ал келесі жылы дәл осындай аппарат Қазалы ауданаралық ауруханасына орнату жоспарлануда.

Биыл өңірлерге 1872 жас маман, оның ішінде ауылға 444 дәрігер бөлінген.

– Бүгінде ауылдық жерлерде 67 мыңнан астам медицина қызметкері, оның ішінде 13 мың дәрігер және 54 мың орта медицина қызметкері жұмыс істейді. Медицина мамандарын ауылға тарту үшін түлектердің міндетті түрде 3 жылдық жұмыс істеу нормасы қабылданған. Ауылға келген әрбір дәрігерге 1 миллион теңгеден 2 миллион теңгеге дейін көтерме жәрдемақы бөлінеді, ал кейбір әкімдіктер (Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстары) 3-5 миллионға дейін бөледі, – деді министр Үкімет отырысында.

Министрдің айтуынша, жыл сайын клиникалық бейіндегі 1500 медицина маманын даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бөлінеді, түлектерді өңірлерге бөлу жұмысы жүргізіледі.

– Мемлекет басшысы 3 жыл ішінде резидентураға берілетін гранттардың санын жыл сайын 70%-ға ұлғайтуды қамтамасыз етуді тапсырды. Сонымен қатар резиденттер ауылда міндетті практикадан өтетін пилоттық жоба пысықталуда. Биыл практикалық денсаулық сақтау қажеттіліктеріне сәйкес өңірлерге 1872 жас маман, оның ішінде ауылға 444 дәрігер бөлінді, – деді ведомство басшысы.

Халық денсаулығы бәрінен маңызды. Сол үшін де адам денсаулығына жауапты денсаулық сақтау саласы қызметтерінің деңгейі мен сапасы, қолжетімділігі ең алғашқы орында болуы қажет. Бүгінде үйіне жедел жәрдем шақырса тез арада жетіп баратын қалалықтардан бөлек, ауылдағы ағайынның медициналық көмекке деген қолжетімділігін ойлайтын уақыт та келген секілді.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сүйенсек, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық жобасы негізінде аймақта бірқатар жұмыс атқарылуда. Мәселен, ұлттық жоба аясында ауылдық инфрақұрылымды дамытуға 9,7 млрд теңге бөлініп, 27 нысан, оның ішінде 24 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет, 1 медициналық бекет құрылыстарының жұмысы басталады. Қазіргі таңда жер учаскелерін рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде.

Биыл аймақтағы алыс шалғай елді мекендердегі халыққа медициналық көмек көрсету үшін 5 жылжымалы медициналық кешен ұйымдастырылған. 10 айдың ішінде 130443 ауыл тұрғыны медициналық тексеруден өткен. 92287 диагностикалық қызмет, 25806 зертханалық зерттеулер жүргізілген. Сондай-ақ бейінді мамандармен 128031 консультация беріліп, 9441 науқас анықталған, оның ішінде 3569 адам диспансерлік есепке алынған.

Мәліметтерге көз жүгіртсек, ауылдағы ахуалдың жақсара түсетінін көрсетеді. Бүгінде ауылдағы ана мен бала денсаулығы әлі де ақсап тұрғанын көзбен көріп жүрміз. Дегенмен Үкімет ұлттық жоба арқылы жүйелі жұмыстарды атқаруды алға қойып отыр. Қарқынды істер нәтижелі жүзеге асса келешекте ауылдық жерлердегі медициналық мәселе шешіліп, шалғайдағы елдің шаруасы түгенделетініне сенім зор. «Денсаулық – зор байлық» екенін бәріміз білеміз. Ауыл халқының денсаулығын түзеуге жағдай жасай алсақ, ол да бір жетістігіміз.

Басы 1-бетте

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында медициналық сақтандыру үшін кімдерден көп төлем түскені жөнінде айтылды. Дерекке сүйенсек, осы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша МӘМС-ке 823,2 млрд теңге көлемінде қаржы түскен. Олардың басым бөлігі мемлекеттен аударылған төлемдер. Аталған кезеңде жеңілдік санатына кіретін 11 млн азамат үшін төленген жарна шамамен 300,9 млрд теңгені құрап отыр.

МӘМС-ке түскен жарналар мен аударымдардың көлемі қанша?

Ал жұмыс берушілер төлем жасау бойынша екінші орында тұр. Олар аталған кезеңдер үшін аударымдар түрінде 293,7 млрд теңгеден астам қаражат бөлген.

Сондай-ақ жалдамалы жұмысшылар, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша еңбек етіп жүргендер, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және дербес төлеушілер жалпы алғанда 227,8 млрд теңге жарна төлеген.

Демек, 10 айдың қорытындысы бойынша елімізде 16,2 млн-нан астам сақтандырылған азамат бар. Яғни халықтың 82,1 пайызы денсаулығын сақтандырып отыр.

Сонымен қатар қор өкілдері атап өткендей, сақтандыру мәртебесін алуға алдағы 12 ай үшін төлем жасау механизмін 6 мыңнан астам азамат пайдаланған.

Қор барлық жарналар мен аударымдар ҚР Ұлттық банкіндегі арнайы шотқа түсетінін еске салды. Сол жерден сақтандырылған азаматтарға көрсетілген қызмет ақысын төлеуге жіберіледі.

САҚТАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСІ

Естеріңізге сала кетейік, осы жылдың 5 қыркүйегінен бастап МӘМС жарналарын төлеудің жаңа тетігі – алдағы 12 айға төлем жасау механизмі іске қосылған. Бұрын өткен 12 ай үшін жарналар төленуі керек еді. Қазір жаңа әдісті таңдасаңыз, өткен жылы төленбеген кезеңдерді төлемеуге болады.

МӘРТЕБЕ МЕН ТӨЛЕМДЕРДІ ТЕКСЕРУ

Алдағы жылға сақтандыру мәртебесін беру және төлемдердің бар-жоғы туралы ақпаратты сақтандыру мәртебесі тексерілетін Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, Қордың fms.kz ресми сайты арқылы немесе SaqtandyrýBot Telegram арнасы арқылы алуға болады.

Төлемдер мен мәртебе туралы ресми құжатты eGov.kz электрондық үкімет порталынан «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу туралы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызмет арқылы алуға болады.

МҮГЕДЕКТІГІ БАР ЖАНДАРҒА ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛУДА?

1992 жылдың аяғында БҰҰ Бас Ассамблеясы 3 желтоқсан – Мүгедектер күні деп жариялаған. Кез келген мемлекеттің құндылығы мен ізгілігі балалар мен қарттарға, мүгедектерге деген қарым-қатынасымен айқындалады. Мүгедектердің халықаралық күні – тумысынан өмірдің азабын тартқан жандарға тағы бір көз қырымызды салып, жанына жебеу болуға мүмкіндік жасайды.

Қазіргі таңда аймақта 31 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тіркелген. Оның 6 мыңға жуығы кәмелет жасына толмаған балалар. Биыл осы мүгедектігі бар жандардың 90,1 пайызы әлеуметтік оңалтудың арнайы шараларын қабылдаған. Сондай-ақ жыл басынан бері 2 мыңға жуық адамға стационарлық және жартылай стационарлық жағдайында арнаулы медициналық-әлеуметтік қызметтер көрсетілген.

– Облыста өткен жылдан бастап мүгедектігі бар адамдарға берілетін барлық техникалық оңалту құралдары мен қызметтер әлеуметтік қызметтер порталы арқылы жүргізілуде. Кедергісіз орта қалыптастыру бағытында облыста 2025 жылға дейін 1294 нысанда мүгедектігі бар адамдарға ыңғайлы ету жоспарланса, осы жылы 277 нысанға стандартқа сәйкестендірілді. Сонымен қатар өңірде 32 инватакси қызмет етеді. Мүмкіндігі шектеулі жандардың қолайлы өмір сүруі үшін олардың ұсыныс-пікірлерін назарға алып отырамыз, – деді өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айгүл Болатқызы.

Тағдырдың жазуымен осындай күй кешіп жүрген адамдар үшін мемлекет арнайы мүмкіндіктер қарастырып қойған. Брифингте мүгедектігі бар азаматтарға жыл басынан бері көрсетілген арнаулы көмектер туралы да айтылды.

– Жыл басынан бері өңірде көптеген ауқымды жұмыс атқарылды. Оның бірі мүгедектігі бар жандарға кедергісіз орта қалыптастыру мақсатында әлеуметтік мекемелерге рейд жүргізілді. Бұған қоса, ай сайын қолөнермен айналысатын жандардың басын қосып, жәрмеңке ұйымдастырылуда. Одан бөлек, aleumet.egov.kz порталы іске қосылды. Бұл мүгедектігі бар жандарға қолайлы сервис. Осы порталды қолдану үшін оқыту курсын өткіздік. Мәдени көпшілік шаралар ұйымдастырылды, – деді «Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сағатбек Сиюов.

ЕМДЕЛУШІЛЕРГЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛМЕК

Психологиялық көмек адамға әр кезде керек. Әсіресе науқастарға денсаулық сақтаудың емдеу, алдын-алу жүйесінде психологиялық қолдау көрсету – сауығудың алғышарты. Осы мақсатта аймағымызда алғаш рет облыстық онкология орталығында «Пациенттерге психологиялық қолдау көрсету бөлмесі» ашылды.

Арнайы бөлменің ашылу салтанатына облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов пен «Мансап» мектебінің директоры София Әбдіразақова қатысты. Олар емделушілерді орталықтың ашылуымен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Онкология орталығындағы психологиялық көмек бөлмесі оңалту бөлімшесін ашудың алғашқы қадамы саналады. Алдағы уақытта осы секілді жұмыстарға көп көңіл бөлінеді. Аймақта барлық денсаулық сақтау мекемелері психологтармен қамтамасыз етілген. Науқастардың тәнін ғана емес, жанын да емдеуге үлес қосуды мақсат етіп отырмыз. Сондықтан да осындай кабинеттердің көптеп ашылуына жұмыс істейміз. Дегенмен бұл ғимарат кеңейтуді қажет етеді. Сондықтан келер жылы салынатын ауруханада онкологиялық төсек-орындарға басымдық беріледі. Қазіргі таңда бірнеше скринггтік бағдарламалар бар. Солардың нәтижесінде ауруды ерте анықтау жақсарып келеді, – деді Сәбит Пазылов.

Онкология орталығының бас дәрігері Нұржамал Мырзағалиева ерекше бөлмедегі көрсетілетін қызмет түрлерімен таныстырды.

– Арнайы бөлмеде науқастарға жүйелі түрде ақпараттық-психологиялық көмек көрсетіледі. Негізгі мақсат – емделушілерді қоғамдық ортадан бөлектемей, күйзеліске ұшырамай, қалыпты өмір сүруге бағыттау. Оларға шешім қабылдауға, әрекет етуге, өзгертуге және өз қабілетттерін іс жүзінде жүзеге асыруға болатынына көмектесуге міндеттіміз. Осы орайда кабинет құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілді. Оған облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы мен «Мансап» мектебінің директоры София Әбдіразақова демеушілік жасады. Сондай-ақ осы мектептің оқытушысы Гүлзат Ермекқызы науқастармен ой мен жанның, тән мен рухтың тамаша үйлесімі сурет өнері бағытында жұмыс істейтін болады. Сурет салу арқылы ойы бөлініп, ауруын аз ғана уақыт болса да ұмытатындай нәтижеге жеткізеді деп ойлаймыз. Науқастарға емдік шара ғана қолданбай, көңіл-күйлерін бақылай отырып емдеу шараларын жалғастыруды міндет етіп отырмыз, – дейді Нұржамал Мырзағалиева.

Мұнда қатерлі ісікке шалдыққан пациенттерге психологиялық көмек көрсетіледі. Мәселен, түрлі ойындар, сурет салу, бояу беттері бұрышы, арттерапия, музыка терапия сынды демалыс орындары қызмет көрсетеді. Сонымен қатар емделушілерге түрлі табиғи шай ішуге де жағдай жасалатын болады. Яғни бұл бөлме науқастардың күйзеліске түспей, ем алуына көп көмегін тигізеді деп жоспарланған.

Өңірде онкологиялық ауруларды емдеу, алдын-алу, ерте сатысында анықтау сияқты жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Мәселен, осы жылдың ішінде орталықтан 3368 науқас ем алса, оның ішінде тәулік бойғы стационарда 2724, күндізгі стационарда 644 науқас емделіп шыққан.

Бетті дайындаған
Айтолқын АЙТЖАНОВА

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ...



...Ол бір іңкәр әлем еді. Жан дүниесін айтамын. Адамдардың мың-мың оңбағандығына көзі жетсе де, оларды жылап тұрып сүйетін. Мен мекен ететін Төле би мен Байзақов көшесінің қиылысындағы жалғыз бөлмелі, жұпыны үйдің қос терезесі аулаға емес, көшеге қараған. Сонысы жақсы, еріккенде әйнектен үңілсең, ішің пыса қоймайды. Әудем жерде сауда үйі болғандықтан бұл маң ылғи да ығы-жығы адам. Әдеттегіше екеуміз тиекке асылып, төменге көз салғанбыз. Мен құр тұрмын. Жасырып қайтемін, кейбір әйелдердің сәнді көйлегіне назар салу үшін қараймын ба деймін. Ол да қарауда. Бірақ, басқаша. Адамдарға деген ынтық көңіліне тоят тапқысы келіп үңілетін болса керек. Ғарышта жүрген армандарының жерге қонып, іске аспасын білсе де терезе сыртындағы әлемнен қайыршы көзбен тесіле жақсылық іздейді.

...Көзіне қара көзілдірік ілген, қолында асасы бар жігіт алақанын жайып қайыр сұрауда. Оның жан-жағына сипаланып жүретін кейпі көпке аяныш туғызып, саусағына тиын қыстыратын. Тағы да сол кәсібіне кіріскен. Көрген баққаным осы маң болғандықтан мұнысы жалғандық екенін білемін. Бірде кешкісін ауладағы орындыққа аяқ басқан оның ұялы телефонын әрі-бері шұқылап, әлдекімнің нөміріне хабарласып тілдескенін байқағам. Аз уақыттан соң Әуезов театрындағы комедияның бірінде мәз болып қойылым тамашалап отырғанын көргенімде күдігімнің расына көзім жеткен. Содан бері, апта сайын жер басып жүргенім үшін тастайтын аз ғана садаға-тиынымды оған бермейтін болдым. Дүние есігін ашқанына төрт-бес-ақ ай болған нәрестесі бар, қымбат киімді адам көрсе онысын дереу шымшылап жылатып қайыр бере көр деп зар қақсайтын жасы жиырмаға жете қоймаған тәжік келіншек болушы еді, шешесі үшін емес, сәбиі үшін ендігі садағамды соған қалдырдым. Бірақ оны сауда үйінің күзетшілері жиі-жиі қуып жүрді де, бірер жетіден соң біржола қарасын батырды. Біршама уақыт садақа беретін адам іздеп қалдым. Біз күнелтетін аймақта тек қазақ газеттерін сататын дүңгершек бар еді, ендігісін садақаға берер теңгеме қазақша басылым сатып алуға көштім, өйткені қазақ басылымдарының күні тым қараң ғой... бір тиын болса да себім тие берсін деген ойым болған шығар...

Бұл жердегі кедей адамдардың күні осылай. Ал байшыкештермен шаруам жоқ. Өзімнің кедейлігіме байланысты олармен тоғыспаймын. Тек терезеден үңілуден аспаймын. Кенет, екеуміз екі түрлі оймен бақылап тұрған әлем у-шуға толып кетті. Бір әйел байбалам салуда. Аңғарғаным, алаяқтың бірі сөмкесін жымқырған-ау.

– Адамдар таяуда бірінің етін бірі жейтін шығар...

– Олай деме.

Маған жек көре қарады. Ашулы жүзбен. Таң атқаннан қара кешке дейін әуреленіп жасаған қар қаласын әлдекім бұзса сәби қалай ызаланады, ол маған тап солай қадалды. Әдемі қиялының ақ түтегін шығарғаныма ренжіген. Ақталмасам біраз уақыт бұртиып жүруі кәдік.

– Жо-жоқ... Олардың қатыгез сәтін көп көрген соң...

Сөзімді аяқтатқан жоқ. Жігіттен гөрі қызға жарасымды сұқ саусағымен ерінін басқан.

– Тісс-с-с...

Ол сыбырлай сөйледі:

– Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер. Тырнағы қанша батса да батыр дей бергін. Мақұл?

Көңілінің жүйріктігіне өзге түгілі өзі де жете алмай жүретін оған кезіккен сайын өзімнің өмірдегі мың-мың ақымақ тобырдың белгісіз нүктесі екенімді ұғатынмын.

Ол сөмкесінен нан алып уатуға кірісті. Көгершіндерді біздің үйге үйір қылған да сол. Бұл құстар терезенің алдына күнде келеді. Ол араға күн салып келмей қойған кезде құрсақтары сазып, құр-құрлап қанаттарын қаққылап шыдамсыздық танытатын. Асымды көшеден айырып, шаңырағыма тек қонуға келетін болғандықтан, менен үміт күтуге болмайды: Үйге аяқ басқан достарым өздері үшін жейтін нандарын ала келмесе, ас үйден қатқан нанның табылар күні аз. Сондықтан да көгершіндер менің балконымнан оның қарасы көрінсе болғаны, жақыннан табылады. Қанаттарымен бірін-бірі қағып, жапатармағай ұмтылуда. Ал ол құстардың кейпіне қарап күлуде. Күлуге болатын құбылыс па?...

Ішін басқан күйі күлкісі тиылмай, төсек үстінде аунап жатты. Ол көріп тұрған әлемнің сұлбасын да шала алмадым. Терезеден төмен үңілгем. Тым-тырыс. Бөлмеме қыдырыстап біреу келе қалса, оны көргендер жындыханадан шыққан жанға балар еді.

– Мен бәріңді де жақсы көремін!

Төсектен атып тұрды.

– Ертең саған бәліш пісіріп әкелемін. Әзірге жақсы. Апам іздеп қалар.

Сөйлеп жүріп аяққиімінің бауын байлады да бөлмеден шығып кетті. Ол келіп кеткен сайын өз бағамды білетін болармын, бір елі төмендеп қаламын. Тобырдың жанарына бағынбаған болмысынан тектілік іздедім. Қарапайым. Тым қарапайым. Сықпытына қарап адам табиғатынан биігірек ұғымды табу да қиындау. Ал, жұрт оны есалаң көрді.

– Мен білсем, ол балаға бірдеменің шалығы тиген, – деп сәуегейсіді бірі.

– Жүйке дәрігеріне көрсету керек, – деп жанашырлық танытты.

– Ұлылық ауруымен ауырып жүрген пақыр ғой, ұлылар осылай өмір кешеді,-деді біреу қанында жоқ данышпандық кейіпке түсіп.

Өзі болса ештемені де естімеген қалып танытты. Пенделерді тек өзіне тән жылылықпен жақсы көріп, елеусіз шаттықтарды місе тұтып, жалған-жасандылықтан жаны азат қалпы өмірін жалғай берген.

Әйткенмен... ол ертеңгісін келмеді. Келесі күні де, тіпті сол аптада еш қара көрсетпеді. Алаңдағам. Оның амандығына. Айтпайтын. Жалған сөзді. Амалсыз үйіне телефон шалдым. Мән-жайды жылап отырып баяндады. Әрине, анасы. Өзі жоқ. Кетіп қапты. Мәңгілікке.

Ол ғайыптан пайда болыпты да, қайта ғайыпқа сіңіп кетіпті. Күлкілі әрі қасіретті он алты-ақ жыл жер басқан. Ол бәрін де түсініп қойып еді: Біз, адамдар-қорқау өмірде өле алмай әлек болатын алаңғасарлар екенімізді, қайғылы уақытта да, қызықты уақытта да жасанды түске еніп, бақытты кейіпте жүретінімізді... Және де ол барлығын мойындамау үшін жанталасты. Әр жанардан, әр қарашықтан иман нұрын іздеді. Ар дегеннің адам бойында емес, қағаз бетіндегі жанды жұбатар өтіріктерге айналғанын түсінгісі келмеді. Адамдардың барлығын шексіз сағынышпен сүйді және адам қашан жаратылған деп емес, қашан жаратылып бітеді деген данауи оймен алысып жүрді. Шарқ ұрып іздеген иманның адам бойынан безіп бара жатқанын аңғарса да, әр намазының соңында оларға арнап бата жасап, жаратқаннан шексіз бақыт тілейтін. Бақыт іздеп сандалып жүрген пенденің көп екенін, бірақ бақыттың көп емес екенін, ол құрғырдың бәрімізге бірдей жетпейтінін әдейі-ақ аңғарғысы келмеді. Тексіз парқын әйгілеп қойған тас ғаламда сенім мен үміттің де алдаудан әрі аса алмайтынын білмей қалған жоқ. Есейе бастағаннан-ақ өмірдің өзіне еркелейтінін, сараң ғана із тастап жымиятынын да ұғынған. Ақмоншақ жастан түзілген ғұмырда бәрібір күйбең тірліктің күйкісінен ада қала алмайтынымызды да бармақты тістеп тұрып түсінген. Қасқырдан туғанымызды, тумасақта жыртқыштық қанымызда бар екенін... Пенде ғұмырға жағынуың үшін де адами қызмет көрсетуің қажетін... пенденің алдынан шыққан сан қысталаңдарда өтірік күліп өзін ақтап алатынын... ол барлығын да бес саусағындай білетін. Бәрін түйсіне тұра ешбір жалғандықтан жеріген жоқ. Адамдар өздерінің шексіз ақымақтығын жасыру үшін ақыл жайлы әңгіме айтатынын ұғына тұра адами тұғырнамасынан еш таймады. Өзіне ғана тән іңкәрлігімен мөлдіреп сүйе түсті...

Ол әрдайым кішкене қолдарына қарап күрсініп алатын. Себебі барлық жұртты құшағына сыйдырғысы келетін. Көшеде көрінгеннің баласын құшақтап жүруші еді.

Ол өзінің есімін Мойра деп атағанды жақсы көрді. Грек мифологиясындағы жақсылық жасаушы періштеге тиесілі есім. Оның өзі де періште еді.

Ол – Алланың періште жаратқалы тұрып, аңдаусызда адамға айналдырып алған іңкәр мүсіні тәрізді еді.

Сөйтседағы ол көп жасай алмапты. Адамдардан адамдық қана күткен нағыз адам жоғалып кетіпті. Оның жоғалуы-пенде ғұмырға ең таза адамның бәрібір симайтыны жайлы сұмдық заңдылықтың барын айқындап қойыпты. Жалғандық атаулыға кішкене ғана жұдырығын алып жүгіріп, жарық дүниенің бір-ақ қарысына куә болған ол әлі өтірік күлуді үйренбеген қалпында туыларда жаңылысып кеткен жатырына қарай самғапты.

Өкініштісі сол, мың-мың пенделер сиысып өмір сүріп жатқан жер шарынан, ауасы тегін, суы тегін мынау жердің бетінен оған орын табылмапты. Ертеңгілік сабағына қарай асығып көше қиылысынан өте берген оны өзі соншалық ғашық болған адамның бірі көлігімен қағып өтіпті. Көлік ішінде ажал отырған екен...

Ол бүгінде мәңгілік ұйқыда жатқан мекеннің тұрғыны. Шап-шағын төмпешік-жер бесікте тербеліп ұйықтап жатыр. Мен оған жиі барып тұрдым. Кім білсін, жаңа әлемінің тұрғындарымен етене танысып болғанша жалғызсырамасын дедім бе екен. Әйтсе де, оған қарап:

– Жүрші, үйге қайтайықшы, – деп айта алмадым.

Айтуға аузым бармады. Себебі ол бізден кеткен жарты жылдың ішінде адамдарда еш өзгеріс болған жоқ қой. Одан да қара қабырғаларға ақ мұраттардың суретін салып, сол жер ғұмырын жалғастыра берсін. Қолымнан келері атын атап, дұға оқу. Алла нағыз адамның алдын әманда жарық еткей...

Лира ҚОНЫС

BBC NEWS

УКРАИНА БИЛІГІ «РЕСЕЙ ЯДРОЛЫҚ ЗЫМЫРАН ҚОЛДАНДЫ» ДЕП МӘЛІМДЕДІ

«Ресей Украинаның әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйесін жою үшін жарылғыш емес оқтұмсығы бар ядролық қару бола алатын зымырандарды қолдануда», – деп хабарлады Украина әскерилері. Әскерилер сонымен қатар Украинаның екі батыс өңірінен табылған ядролық қаруға арналған Х-55 қанатты зымырандарының фрагменттерін көрсетті. Аталған оқиғаға байланысты BBC арнасында Ярослав Ликовтың «Украинадағы соғыс: Киев Ресейдің жарылмаған ядролық зымыранын көрсетті» атты мақаласы жарық көрді.



«Зымырандар еліміздің әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйесін әлсірету үшін атылып жатыр», – деді украиндық шенеунік. Ол сондай-ақ фрагменттерді талдау кезінде радиоактивтілік анықталмағанын мәлімдеді.

Украиналық әскери сарапшылардың пікірінше, соңғы аптада Украинаның маңызды инфрақұрылымына жаппай соққы жасағаннан кейін Ресей өзінің орасан зор зымыран арсеналын айтарлықтай азайтып алған болуы мүмкін. Олардың айтуынша, Мәскеу қазір доғал снарядтарды қолдануға көшкен. Алайда бұл снарядтар да жарылуға қауқарлы.

«24 ақпанда Украинаға жаппай басып кірген Ресей бұл мәселеге қатысты ашық пікір білдірген жоқ», – деп жазылған мақалада. Бейсенбі күні Украина астанасы Киевте өткен баспасөз жиынында әскери шенеунік Микола Данилюк журналистерге Львов және Хмельницкий облыстарынан табылған Х-55 қанатты зымырандарының (НАТО-ға «АС-15» деген атпен белгілі) қалдықтарын көрсетті. Оның айтуынша, снарядтар «координаттары бекітілген стратегиялық нысандарды жою үшін» сонау кеңестік кезеңде жасап шығарылған.

Ұлыбритания зымырандар «тек ядролық жеткізу жүйесі ретінде» жасалғанын айтты. Дегенмен ресейлік әскерилер Украинаға атылған зымырандардың ядролық оқтұмсықтарын алып тастап, олардың орнына инертті жүйені орнатты деген болжам бар.

Ал Микола Данилюк тіпті жарылмайтын оқтұмсығы бар зымыранның өзі кинетикалық энергиясы мен жанармай қалдықтарына байланысты «елеулі қауіп төндіретінін» баса айтты. «Бұған Х-55 зымыранының тұрғын үйге тиген соққысы дәлел», – деді ол ойын түйіндей келе.

Бейсенбіде Ресей аннексиялаған Қырымның оңтүстік түбегін қоспағанда, бүкіл Украинаға ресейлік әскери ұшақтар зымырандық соққылардың жаңа толқынын жасауға дайындалып жатыр деген хабардан кейін қысқа уақытқа әуе шабуылы туралы ескерту жарияланды. Кейінірек жарылыс тоқтаған соң хабарландыру да аяқталды.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ

СПОРТ

МЕРГЕНДЕР МЕРЕЙІ ҮСТЕМ, АЙГҮЛ АЛТЫН АЛДЫ

23-29 қараша аралығында Португалиядағы Вила Реал Ди Санто Антонио қаласында «IWAS-2022» тірек қимыл аппараты зақымданған спортшылар арасында дүниежүзілік ойындары ұйымдастырылды.

Жарысқа әлемнің 34 мемлекетінен 500-ге жуық спортшы қатысты. IWAS ойындары – арбаға таңылған және де мүмкіндігі шектеулі спортшыларға арналған мультиспорттық жарыс. Бұл жарыс екі жылда бір рет өткізіледі.

Халықаралық жарыста облыстық мүгедектігі бар жандарға арналған спорт клубының пара жеңіл атлеттері және Қазақстан Республикасы құрама командасының спортшылары жақсы нәтижеге қол жеткізді.

Жеңіске жеткен спортшылар арасында жерлес мергендеріміз бар. Жаттықтырушы Юрий Мощеевтің найза лақтырудан сынға түскен спортшылары арасында Еламан Жоламан жүлделі екінші орынды иеленсе, Қолғанат Бақберген дүниежүзі ойындарының қола жүлдегері атағын иемденді.

Осы жарыста Сыр спортшысы Айгүл Байжанова пара пауэрлифтинг спорт түрі бойынша 86 келі салмақ дәрежесінде алтын медальға ие болды. Жарыс жеңімпазы Айгүл Байжанованы Бахытбек Рысбаев жаттықтырады.

ЖАС БАЛУАНДАР БАҚ СЫНАДЫ

Қармақшы ауданының орталығы Жосалы кентіндегі дене шынықтыру және сауықтыру кешенінде дзюдодан 2010-2011, 2012-2013 және 2014-2015 жылы туған жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында «Достық Жер МК» ЖШС жүлдесіне арналған II республикалық турнир өтті.

Республика көлемінде дзюдо күресін дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, спортшыларды достыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған бәсекеде жас балуандар бақ сынасты.

Республикалық турнирге Астана, Алматы, Ақтөбе, Ақтау, Түркістан, Жаңаөзен, Шымкент, Орал, Қызылорда қалаларынан, Жалағаш, Сырдария аудандарымен бірге №15, 16 және «Жалын» спорт клубтарынан 830-ға жуық жас дзюдошы қатысты.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ТАРТЫСЫ

Ақтөбе қаласында тоғызқұмалақтан әлем чемпионаты өтті. Чемпионатқа әлемнің 20 мемлекетінен 80-нен аса спортшы қатысты. Дүбірлі додада бақ сынаған облысымыздың спортшылары да сәтті өнер көрсетіп, Сыр спортының жүлде қоржынын толтырды.

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Бексұлтан Бостандықов тоғызқұмалақтың классика түрінен чемпионатта жүлделі II орын иеленсе, осы спорттың рапид түрінен Ермұхамед Әләйдар III орын иеленіп, қола медаль тақты. Осы әлем чемпионатындағы жетістігінің нәтижесінде Ермұхамед Әләйдар халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативін орындады.

Сыр спортшыларын ұлттық ойын тоғызқұмалақтан жарысқа дайындаған жаттықтырушылары – Хәкімжан Елеусінов пен Марат Рахметов.

ДӘСТҮРЛІ ТУРНИР АЯҚТАЛДЫ

Қазалыда мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаевты еске алуға арналған грек-рим күресінен 2003-2005 жылдары туған жастар арасындағы XVI дәстүрлі халықаралық турнир өз мәресіне жетті. Дүбірлі додаға Астана, Алматы, Шымкент қалалары және Қазақстанның өзге облыстарынан келген 200-ге жуық палуан өз бақтарын сынады.

Жарыстың ашылу салтанатында облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов құттықтау сөз сөйлеп, жас ұрпақ үшін дүбірлі доданың маңызы жоғары екенін айтып, Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың «Құттықтау хатын» жеткізді.

Халықаралық жекпе-жек конфедерациясының вице-президенті Усман Дигаев пен Қазалы, Арал аудандарының құрметті азаматы Айтбай Көшербаев құттықтау сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Ал облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының спорт жөніндегі орынбасары Асылжан Жаманқұл ҚР мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев пен даңқты палуан, ҚР грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының президенті Дәулет Тұрлыхановтың жеделхатын табыстады.

Жарыс соңында командалық есепте бірінші, екінші, үшінші орын алған командаларға ақшалай сертификаттар берілді. Атап айтқанда, топтық есепте Әйтеке би кенті командасы I орын, Алматы облысының командасы II орын және Қазалы ауданы командасы III орын иегері атанды.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегер спортшыларға I, II, III дәрежелі дипломдар және медальдар табысталды. Сонымен қатар байрақты бәсекеде бақтарын сынап, көзге түскен палуандарға арнайы жүлделер берілді.

Мәселен, «Жас палуан» аталымын Қазалы ауданының спортшысы Айдос Саят, «Үздік техника» атағын алматылық Мәди Данелов, «Үздік палуан» номинациясын қазалылық Ардақ Бұғыбай жеңіп алды.

Дайындаған **А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ**

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3737 **Тапсырыс №2046**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.
Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА